

## Мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2017 жылғы 5 сәуірдегі № 110 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 сәуірде № 7008 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың келесі:

"Әуликөл аудандық мәслихатының регламенті туралы" 2014 жылғы 14 ақпандағы № 130 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4515 тіркелген, 2014 жылғы 3 сәуірде "Әуликөл" газетінде жарияланған);

"Мәслихаттың 2014 жылғы 14 ақпандағы № 130 "Әуликөл аудандық мәслихатының регламенті туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2014 жылғы 1 тамыздағы № 186 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5054 тіркелген, 2014 жылғы 11 қыркүйекте "Әуликөл" газетінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бесінші сессияның төрайымы  
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*С. Максүтова  
Д. Қойшыбаев*